

Бұланды аудандық мәслихатының 2005 жылғы 21 желтоқсандағы № 3С-24/2 "Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 шілдедегі № 4С-28/3 шешімі. Ақмола облысы Бұланды ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1-7-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 5С-12/11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 20.12.2012 № 5С-12/11 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Бұланды аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Бұланды аудандық мәслихатының «Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы» 2005 жылғы 21 желтоқсандағы № 3С-24/2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-7-18 тіркелген, 2006 жылғы 13 қаңтардағы «Вести Бұланды жаршысы» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

атауы келесі редакцияда жазылсын:

«Бұланды ауданы бойынша бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы»;

1 тармақтағы «бекітілсін» деген сөз «белгіленсін» деген сөзбен ауыстырылсын;

осы шешімнің 2 қосымшасындағы 2, 4-тармақтары алынып тасталсын.

2. Осы шешім Бұланды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

төрағасы

хатшысы

КЕЛІСІЛДІ

Кезекті 28-сессияның
А.Альберг

Аудандық мәслихаттың

П.Веселов

Бұланды ауданының әкімі

Е.Нұғыманов

*«Бұланды ауданы бойынша
салық басқармасы» мемлекеттік
мекемесі бастығының*

міндетін атқарушы

С.Қоңқақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК